

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2295 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 маусымдағы № 663 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2020 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2295 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"пневмококк инфекциясы";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Профилактикалық егу жүргізу ережесінде

:

2-тармақта:

"егулерді" деген сөзден кейін "алғашқы медициналық-санитариялық көмекті," деген сөздермен толықтырылсын;

"медициналық ұйымдар" деген сөздер "заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) көрсетілген Профилактикалық егу жүргізу ережесіне қосымшада:

1-тармақтағы кесте мынадай мазмұндағы 15-бағанмен толықтырылсын:

"

Пневмококк инфекциясы
15
+
+
+

